

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 қыркүйектегі N 952 қаулысына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы N 611 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 169 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Әскери-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі мемлекетаралық комиссиясының қазақстандық бөлігі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 қыркүйектегі N 952 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Әскери-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі мемлекетаралық комиссиясы қазақстандық бөлігінің құрамына мыналар енгізілсін:

Кравченко - Қазақстан Республикасының Индустрия және
Иван Михайлович сауда бірінші вице-министрі, тең төраға

Бөлегенов - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Ерғали Бөлегенұлы министрлігі Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығы істері департаментінің
директоры, жауапты хатшы;

көрсетілген құрамнан Ғұсман Кәрімұлы Әмрин, Самат Исламұлы Ордабаев шығарылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Әскери-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі мемлекетаралық комиссияның қазақстандық бөлігі туралы ережеде:

7-тармақтың 4) тармақшасындағы "және қажет болған кезде нақты мерзімдері мен тікелей орындаушыларын көрсете отырып, қол жеткізген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Үкімет шешімінің жобасын" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібі кешенін мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 43 қаулысы ;

2) "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитетін тарату туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 мамырдағы N 467 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 21-22, 211-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 7-тармағы;

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 43 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қарашадағы N 1117 қаулысы .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі